



Абайдың ақындық мектебі

✓ Қазақтың ұлы ақыны Абайдың қазақ әдебиетіне XIX және XX ғасырларда еткен әсері аса мол. Абайдың сөзін оқу арқылы, Абай өлеңдерінің үлгісінде әлеуметтік мәселе, адамгершілік, ағартушылық туралы өлеңдер жазған ақындар бар.

✓ Абайтанушы Қайым Мұхамедханұлы «Абайдың ақын шәкірттері» кітабына Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай, Көкбай, Уәйіс, Халиолла, Әсет, Әріп, Мұқа, Әубәкір, Тайыр Жомартбаев, Мұхамеджан, Баймағамбет, Иманбазар, Әрхам сынды ақындарды кіргізген.

✓ Абайдың ақын шәкірттері өз шеберліктерін шыңдап қана қоймай, ұстазының ұлылығын да барған сайын асқақтата түсті. Абай айналасындағы ақындық ортаның ең басты қасиеті де, міне, осы бірліктен, идеялық, көркемдігі жоғары шығармашылық тұтастығынан көрінеді.

<http://imena.pushkinlibrary.kz/ru/>



Шығыс Қазақстан: танымал есімдер *Восточный Казахстан: известные имена* *East Kazakhstan: famous names*

Қазақша Русский English

Құрметті оқырмандар!



2004 жылдан бастап "Шығыс Қазақстан танымал есімдер" дерекқорын толықтыру жұмыстары жүргізілуде. Жобаның мақсаты – Шығыс Қазақстан өңірінің барлық танымал тұлғалары туралы барынша толық ақпарат жинау. Бүгінгі таңда бұл ақпараттық ресурста біздің жерлес ақын-жазушылар, ғалымдар мен ағартушылар, Ұлы Отан соғысына қатысушылар, Алаш қайраткерлері және басқа да бөлімдер ұсынылған. Бұл – отандастарымыздың тұлға мен тағдырларында біздің бірегей өлкеміздің ортақ портретін жасауға көмектеседі.

Библиография 2018 жылға дейін жинақталғанын хабарлаймыз. Кейінірек түскен әдебиеттерді кітапхана сайтының электрондық каталогынан табуға болады: <http://pushkinlibrary.kz> немесе бізге мына поштаға хабарласа аласыз: spravka@pushkinlibrary.kz

Дерекқорды толықтыру жұмыстары жалғасуда және Сіз де жаңа есім немесе жаңа өмірбаяндық деректерді ұсына аласыз. Бұл біздің ортақ жұмысымыз өрі біздің ортақ Үйімізді даңққа бөлеген азаматтар алдындағы борышымыз.

Іздеу






Іздеу



Мұхтар Омарханұлы Әуезов (1897-1961) -

жазушы, қоғам қайраткері, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қаз.ССР ҒА-ның академигі (1946), ғылымға еңбегі сіңген қайраткер(1957), Алаш қозғалысына қатысушы.

✓ **Мұхтар Омарқанұлы Әуезов** – Абай Құнанбайұлының шығармаларының революциядан кейінгі басылымдарының тұңғыш жинастырушысы, құрастырушысы және редакторы, қазақтың ұлы ақыны мен ойшылының бірінші ғылыми биографы және шығармашылығының зерттеушісі. Жазушы Мұхтар Әуезов Абай Құнанбайұлының басты шәкірттері ретінде екі ұлын – Ақылбай мен Мағауияны, сонымен қатар, Абайдың алғашқы шығармаларын Көкбайдың атынан жариялаған, жақын досы Көкбай Жаңатайұлы және ақынның замандасы әрі інісі Шәкәрім Құдайбердіұлын айтады. Олар Абайдың өнерін жалғастырушы жас ақындар болып табылады.



Қайым (Ғабдулқайым) Мұқаметханов (1916-2004) -

ғалым, абайтанушы, педагог, профессор, жазушы, драматург, ақын, аудармашы, Ұлы Отан соғысына қатысушы, ҚазССР әнұранының мәтінің авторы, ҚСРО жазушылар Одағының мүшесі, Семейдегі Абай мұражайының құрушысы.





✓ Қ.Мұхаметханов әдебиеттанушылардың ішінен бірінші болып, Мұхтар Әуезовтың басшылығымен «Абай заманының ақындары» атты тақырыпта кандидаттық диссертация жазды. Осы зерттеу үшін қуғын-сүргінге ұшыраған. Репрессияланған, сталин лагерлеріне жазықсыз жабылған.

✓ 1939-1950 жылдар аралығында, 12 жыл бойы Семей педагогикалық институтының түлегі іздестіру жұмысымен айналысып, оны қорытындылап «Абайдың әдеби мектебі» еңбегін жазды. Қайым Мұхаметхановтың ерен еңбегінің мәні Абайдың әдеби мектебін ғылыми түрде дәлелдеуінде. Алғаш рет Ақылбай, Мағауия, Көкбай Жаңатаев, Әсет Найманбаев, Әріп Тәңірбергеновтың шығармашылығына талдау жасалып, ғылыми қолданысқа енгізілді. Осы орайда бұған дейін осы тақырып төңірегіне арналған бірде-бір арнайы зерттеу болмағанын айта кету абзал. Абайтанушы Қайым Мұхаметхановтың «Абайдың ақын шәкірттері» атты еңбегіне Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай, Көкбай, Уәйіс, Халиолла, Әсет, Әріп, Мұқа, Әубәкір, Тайыр Жомартбаев, Мұхамеджан, Баймағамбет, Иманбазар, Әрхам секілді ақындар енгізілді.

<http://kray.pushkinlibrary.kz/ru/k-mukhamedkhanovu.htm>




Ақылбай Абайұлы (1861 -1904 жж) -
ақын, қоғам қайраткері, Абайдың үлкен ұлы.








Мағауия Абайұлы (1870-1904 жж) - ақын, Абайдың ақын шәкірттерінің көрнекті өкілі.





Тұрағұл Абайұлы (1875-1934 жж) -




әдебиеттанушы, ақын, аудармашы, қоғам қайраткері, Абайдың бірінші жинағын шығарушы.








Кәкітай (Ғабдулхакім) Ысқақұлы (1869-1915 жж) -

Абай мұраларын тұңғыш бастырушы. Абайдың ақыл-кеңесімен қарасөз, аударма, көңіл күй тақырыбындағы қысқа өлеңдер жазды.






Көкбай Жанатайұлы (1864-1925жж) -
ақын, ағартушы, Абайдың шәкірті, Алаш қозғалысының
жақтаушысы.







Уәйіс Шондыбайұлы (1873 – 1923 жж) -
ақын, сазгер, Абайдың шәкірті.





Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов (1885-1963 жж) -

Абайдың немере інісі, ағартушы, ақын туралы жетпістен астам естелік-әңгімелерін жинақтап, музейдің қолжазба қорын байытты.





Тайыр (Тайлақбай) Жомартбаев (1884 – 1937 жж.) -
педагог, жазушы, драматург.

Картаева А.М.

ӘДЕБИ ӨЛКЕТАНУ

*(Шығыс Қазақстанның
қаламгерлері шығармашылығы бойынша)*



Оқу құралы

Қазақтың 100 ретесі

**Ісмағұл ДУЛАТОВ
БАҚЫТСЫЗ ЖАМАЛ**


**Тайыр ЖОМАРТБАЕВ
ҚЫЗ КӨРЕЛІК**

**Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ
АҚЫЛЕК**

Ә. Жиреншин

**АЗАҚ
КІТАП-
ТАРЫ
ТАРИ-
ХЫНАН**





Алматы 1971



Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931 жж.) -
ағартушы, ақын, жазушы, тілмаш, композитор, тарихшы және
философ, Алаш қозғалысына қатысушы.



Әсет Найманбайұлы (1867 - 1922 жж.) -
қазақтың суырыпсалма ақыны, әнші-композиторы.



- ✓ **Әділханұлы Мұқа (Мұхаметханафия) (1857-1927)** - әнші, ақын, орындаушы.
- ✓ **Баймағамбет Айтқожаұлы (1870-1932)** - ақын шәкірті.
- ✓ **Иманбазар Қазанғапұлы (1876-1943)** - халықтық ақын, Абайдың шәкірті.
- ✓ **Өскенбаев Халиолла (1849-1870)** - қазақ фольклор үлгі-лерін жинаушы, Абайға орыс тілі мен әдебиетін үйреткен.
- ✓ **Әубәкір Ақылбайұлы (1881-1934)** - ақын, әнші, сазгер.
- ✓ **Мұхамеджан Майбасарұлы (1854-1921)** - атақты әнші. Абай мен Шәкәрім әндерін орындаушы, күйші, ақын, сал-сері.
- ✓ **Әлмағамбет Қапсаламұлы (1870-1932жж)** - Абайдың «Жарық етпес», «Айтым сәлем Қаламқас», «Татьяна», «Бойы бұлаң», «Сегіз аяқ», «Өзгеге көңілің тоярысың» әндерін орындап, насихаттаушы, таратушы да болған. Скрипкада ойнауды жақсы меңгергендіктен орыс күйлерін де тартқан.